Аннотация. Soft skills қалыптастыруға бағытталған заманауи педагогикалық тәсілдер мен теориялар қатарында конструктивизм, гуманистік педагогика және әлеуметтік-когнитивтік теория жетекші орын алады. Алайда аталған теориялардың әдіснамалық ерекшеліктері мен олардың soft skills дамытудағы салыстырмалы тиімділігі жеткілікті деңгейде жүйеленіп зерттелмеген. Осы зерттеудің мақсаты – конструктивизм, гуманистік педагогика және әлеуметтік-когнитивтік теорияның soft skills қалыптастырудағы рөлін теориялық тұрғыда талдау, олардың негізгі ұстанымдарын салыстыру және білім беру үдерісінде қолдануға тиімді әдістемелік бағыттарды айқындау. Зерттеу сапалы сипатта жүргізіліп, жүйелі әдеби шолу мен теориялық талдау әдістеріне негізделді. Соңғы он жылда жарияланған жетекші ғылыми басылымдардағы шамамен он мақала іріктеліп, контент-талдау және салыстырмалы талдау әдістері қолданылды. Талдау нәтижелері конструктивизмге негізделген белсенді оқыту стратегияларының, атап айтқанда проблемалық оқыту (PBL) мен жобалық оқытудың, студенттердің сыни ойлау қабілетін және командалық жұмыс дағдыларын дамытуда жоғары тиімділік көрсететінін айқындады. Гуманистік педагогика тұлғаның эмоционалдық және тұлғалық дамуын қолдап, өзін-өзі реттеу, ішкі мотивация және эмпатия дағдыларын қалыптастыруға ықпал ететіні анықталды. Әлеуметтік-когнитивтік теория, өз кезегінде, бақылау, үлгілеу және peer-learning механизмдері арқылы коммуникация, әлеуметтік өзара әрекет және көшбасшылық қабілеттерін дамытуда маңызды рөл атқарады. Зерттеу нәтижелері аталған теорияларды интеграциялау білім беру үдерісінде әмбебап әрі кешенді әдістемелік модель құруға мүмкіндік беретінін көрсетеді. Ұсынылған интеграциялық модель когнитивтік белсенділікті, тұлғалық дамуды және әлеуметтік өзара әрекетті үйлестіре отырып, студенттердің сыни ойлау, эмоционалдық интеллект, көшбасшылық және топта жұмыс істеу қабілеттерін жүйелі түрде дамытуға бағытталған.

Түйін сөздер: soft skills, конструктивизм, гуманистік педагогика, әлеуметтік-когнитивтік теория, сыни ойлау, ынтымақтастық, білім беру теориялары

© Нуризинова М.М.^{1*}, Баймуханбетов Б.М.², Исаев М.С.², 2026.

¹Восточно-Казахстанский университет имени Сарсена Аманжолова,
Усть-Каменогорск, Казахстан;

²Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда
Ясави, Туркестан, Казахстан.

E-mail: makpal.nurizinova@gmail.com

РАЗВИТИЕ ГИБКИХ НАВЫКОВ (SOFT SKILLS) У ОБУЧАЮЩИХСЯ: ИССЛЕДОВАНИЕ ВЛИЯНИЯ ТЕОРЕТИЧЕСКИХ ПОДХОДОВ

Нуризинова Макпал — PhD, ассоциированный профессор, Восточно-Казахстанский университет имени Сарсена Аманжолова, Усть-Каменогорск, Казахстан,
E-mail: makpal.nurizinova@gmail.com, <https://orcid.org/0000-0001-8319-4928>;

Баймуханбетов Багдат — PhD, и.о. профессора, Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави, Туркестан, Казахстан,

E-mail: bagdat.baimukhanbetov@ayu.edu.kz, <https://orcid.org/0000-0001-5153-1088>;

Исаев Мухтар — PhD, ассоциированный профессор, Международный казахско-турецкий университет имени Ходжа Ахмеда Ясави Казахстан, Туркестан,

E-mail: mukhtar.issayev@ayu.edu.kz, <https://orcid.org/0000-0001-7107-3993>.

Аннотация. Среди современных педагогических подходов и теорий, направленных на формирование soft skills, ведущее место занимают конструктивизм, гуманистическая педагогика и социально-когнитивная теория. Однако методологические особенности данных теорий и их сравнительная эффективность в развитии soft skills до настоящего времени недостаточно систематизированы и изучены. Целью данного исследования является теоретический анализ роли конструктивизма, гуманистической педагогики и социально-когнитивной теории в формировании soft skills, сопоставление их ключевых положений и определение эффективных методических направлений для применения в образовательном процессе. Исследование носит качественный характер и основано на методах систематического обзора литературы и теоретического анализа. Для анализа были отобраны около десяти научных публикаций, опубликованных в ведущих научных изданиях за последние десять лет, с применением методов контент-анализа и сравнительного анализа. Результаты исследования показали, что активные стратегии обучения, основанные на конструктивизме, в частности проблемное обучение (PBL) и проектное обучение, обладают высокой эффективностью в развитии критического мышления и навыков командной работы у обучающихся. Установлено, что гуманистическая педагогика способствует эмоциональному и личностному развитию личности, формированию навыков саморегуляции, внутренней мотивации и эмпатии. Социально-когнитивная теория, в свою очередь, играет важную роль в развитии коммуникативных навыков, социального взаимодействия и лидерских качеств за счёт механизмов наблюдения, моделирования и peer-learning. Результаты исследования свидетельствуют о том, что интеграция данных теорий позволяет сформировать универсальную и комплексную методическую модель в образовательном процессе. Предложенная интеграционная модель направлена на системное развитие у студентов критического мышления, эмоционального интеллекта, лидерских качеств и способности к работе в команде за счёт сочетания когнитивной активности, личностного развития и социального взаимодействия.

Ключевые слова: гибкие навыки, конструктивизм, гуманистическая педагогика, социально-когнитивная теория, критическое мышление, сотрудничество, образовательные теории

Кіріспе. ХХІ ғасырда білім беру жүйесі түбегейлі өзгерістерді бастан кешіруде. Жаһандану, цифрлық трансформация және еңбек нарығының

қарқынды дамуы болашақ мамандардан тек кәсіби білімді ғана емес, сонымен қатар әмбебап, икемді және бейімделгіш дағдыларды талап етеді. Бұл дағдылардың ішінде soft skills – тұлғааралық қатынас, сыни ойлау, командада жұмыс істеу, көшбасшылық, креативтілік және эмоционалды интеллект – қазіргі заманның ең маңызды құзыреттері ретінде ерекшеленеді. Олар кәсіби салада табысты қызмет атқарудың, өзгермелі ортаға бейімделудің және өмір бойы оқудың кепілі болып табылады.

Soft skills дамыту мәселесі әлемдік педагогикалық қауымдастықта өзекті зерттеу нысанына айналып отыр. БҰҰ, UNESCO және басқа да халықаралық ұйымдар XXI ғасыр дағдыларын (21st Century Skills) білім беру жүйесінің басым бағыты ретінде айқындап, оларды оқу процесіне интеграциялаудың тиімді жолдарын іздестіруде. Бұл дағдылардың қалыптасуы тек пәндік білім берумен шектелмей, тұлғаның әлеуметтік және эмоционалдық дамуына жағдай жасайтын теориялық және әдістемелік негіздерге сүйенуі қажет. Осы тұрғыда конструктивизм, гуманистік педагогика және әлеуметтік-когнитивтік теория soft skills дамытудың басты теориялық негіздері болып табылады.

Soft skills түсінігі «қатты» кәсіби дағдыларға (hard skills) қарағанда әмбебап сипатымен ерекшеленеді. Hard skills – бұл нақты мамандыққа байланысты техникалық білім мен машықтар болса, soft skills – адамның тұлғалық сапаларын, коммуникациясын, ойлау мәдениетін және өзара әрекеттесу қабілеттерін қамтиды. Зерттеулер көрсеткендей, кәсіби жетістіктің 75%-ы soft skills деңгейіне байланысты, ал тек 25%-ы техникалық біліммен айқындалады (Kodali et al., 2024). Сондай-ақ, жоғары білім беру бағдарламаларына soft skills даярлығын интеграциялау білім алушылардың бірлесіп білім алуы мен тәжірибе алмасуына негізделген оқу мәдениетін қалыптастырады (Yelnykova et al., 2023).

Soft skills дамытуға бағытталған педагогикалық тәсілдер түрлі теориялық платформаларға сүйенеді. Бұл тұрғыда үш негізгі бағытты бөліп көрсетуге болады:

Конструктивизм - білім алушыны оқу процесінің белсенді субъектісі ретінде қарастырады. Проблемалық оқыту (PBL), жобалық әдіс (Project-based learning) және зерттеуге негізделген тапсырмалар осы теорияның негізгі стратегиялары болып табылады. Олар студенттерді шынайы өмірлік жағдайларды шешуге бағыттай отырып, сыни ойлау, командада жұмыс істеу және коммуникация дағдыларын дамытады (Kodali et al., 2024).

Гуманистік педагогика – тұлғаның тұтас дамуын, өзін-өзі танытуын және эмоционалды интеллектісін қалыптастыруды көздейді. Бұл бағыт оқушының жеке тәжірибесін, қызығушылығын және ішкі мотивациясын басты назарға алады, сондықтан soft skills дамытудың психологиялық негізін қамтамасыз етеді (Mendoza-Urbina et al., 2024).

Әлеуметтік-когнитивтік теория – білім алуды әлеуметтік өзара әрекет арқылы жүзеге асатын процесс ретінде сипаттайды. Бұл теория бойынша студенттер жаңа дағдыларды бақылау, модельдеу және бірлескен әрекет арқылы меңгереді. Мұғалім мен құрдастардың үлгісі, цифрлық технологияларды

пайдалану soft skills қалыптастырудың тиімді тетігі ретінде қарастырылады (Maulana, 2023).

Қазіргі таңда soft skills дамытуға бағытталған көптеген бағдарламалар мен әдістемелер бар. Алайда, олардың теориялық негіздері бірізді жүйеленбеген, білім беру тәжірибесінде қолданылу ерекшеліктері жеткілікті деңгейде салыстырылып, талданбаған. Бұл педагогикалық процестің тиімділігін төмендетіп, әдістемелік шешім қабылдауда қиындықтар туғызады. Осы себепті конструктивизм, гуманистік педагогика және әлеуметтік-когнитивтік теория тұрғысынан soft skills дамытудың мүмкіндіктерін кешенді қарастыру ғылыми тұрғыдан өзекті мәселе болып табылады.

Әдеби шолу. Қазіргі заманда soft skills дағдыларын дамыту білім беру жүйесінің негізгі басымдықтарының біріне айналды. Бұл дағдылардың дамуын қамтамасыз етуде әртүрлі теориялық және әдістемелік негіздер ұсынылған. Соңғы жылдары зерттеушілер конструктивизмге негізделген белсенді әдістерді, гуманистік тәсілдерді және әлеуметтік өзара әрекетке бағытталған стратегияларды интеграциялау қажеттілігін жиі атап өтуде.

Saggiano және оның әріптестері (Saggiano et al., 2020) - білім беру бағдарламаларында қажетті soft skills жиынтығын айқындауға бағытталған зерттеулерді жүргізді. Финляндия және Италия студенттерінің өзіндік бағалауына сүйене отырып, авторлар soft skills маңыздылығы кәсіби дайындыққа қарай әртүрлі бағаланатынын анықтады. Бұл нәтижелер ұлттық контексті ескере отырып, білім беру бағдарламаларын бейімдеу қажеттілігін көрсетеді.

Конструктивистік негіздегі әдістердің тиімділігін Cahyani (Cahyani et al., 2022) зерттеуінде көруге болады. Олар биология пәнін оқытуда сұрақ қоюға негізделген модельді қолданып, студенттердің сыни ойлау қабілеттерінің айтарлықтай артқанын дәлелдеді. Мұндай тәсілдер танымдық белсенділікті арттырып қана қоймай, топтық жұмыс дағдыларын да дамытты, бұл soft skills қалыптастырудың маңызды факторы болып табылады.

Soft skills қажеттілігіне қатысты сұраныс COVID-19 пандемиясынан кейін айтарлықтай өсті. Gnecco (Gnecco et al., 2023) еңбегінде қазіргі еңбек нарығында ынтымақтастық, белсенді тыңдау және келіссөз жүргізу сияқты әлеуметтік дағдылардың маңызы күшейгені атап өтілді. Бұл тұжырым білім беру жүйесіне интеграцияланған курстарды енгізудің өзектілігін айқындайды.

Гуманистік тәсілдерді дамытудағы жаңа бағыттар да назар аудартады. Hendriana (Hendriana et al., 2022) гуманистік этнометафоралық модельдің математика оқытудағы тиімділігін сипаттап, оның студенттердің өзін-өзі бағалау қабілеті мен эмоционалдық интеллектін қалыптастыруға ықпал ететінін көрсетті. Бұл әдіс оқу процесін мәдени құндылықтармен байланыстырудың soft skills дамуына қосатын үлесін негіздейді.

Зерттеу нәтижелері soft skills тек оқу үлгерімін ғана емес, мансаптық мүмкіндіктерді де айқындайтынын көрсетті. Бұл soft skills дамытуға бағытталған жүйелі бағдарламаларды енгізу қажеттігін дәлелдейді.

Инженерлік білім беру саласында soft skills қалыптастырудың еуропалық

тәжірибесі (Rodríguez et al., 2021) еңбегінде талданған. Зерттеу нәтижелері проблемалық және жобалық оқыту әдістері командалық жұмыс, сыни ойлау және шығармашылық дағдылардың дамуына тікелей әсер ететінін көрсетеді.

Жалпы, қарастырылған зерттеулер soft skills дамытудың интеграцияланған тәсілдерін қолдану қажеттілігін көрсетеді. Конструктивизмге негізделген белсенді оқыту әдістері, гуманистік бағыттағы жеке тұлғаға бағдарланған модельдер және әлеуметтік өзара әрекетке негізделген стратегиялар білім алушылардың кәсіби және тұлғалық жетілуін қамтамасыз ететін маңызды факторлар болып табылады.

Осы зерттеудің негізгі мақсаты – soft skills дамытуға ықпал ететін үш негізгі теориялық бағытты: конструктивизм, гуманистік педагогика және әлеуметтік-когнитивтік теорияны салыстырмалы тұрғыда талдау және олардың білім беру тәжірибесіне интеграциялану мүмкіндіктерін анықтау.

Зерттеу міндеттері:

-Soft skills түсінігінің мазмұны мен маңызын ашу.

-Конструктивизм, гуманистік педагогика және әлеуметтік-когнитивтік теорияның негізгі қағидаларын сипаттау.

-Әр теорияның soft skills дамытудағы рөлін талдау.

-Үш теорияның ерекшеліктерін салыстырмалы түрде қарастыру.

-Педагогикалық тәжірибеге енгізу бойынша ұсынымдар ұсыну.

Зерттеу нәтижесінде soft skills дамытуға бағытталған үш іргелі теорияның өзара байланысы ашылып, олардың практикалық қолданыстағы тиімділігін арттыруға арналған интеграцияланған тәсілдің негіздері ұсынылады.

Материалдар мен әдістер. Осы зерттеу сапалы (qualitative) сипатқа ие және жүйелі әдеби шолу мен теориялық талдауға негізделген. Зерттеудің басты мақсаты – soft skills дамытудың теориялық негіздерін айқындау және конструктивизм, гуманистік педагогика, әлеуметтік-когнитивтік теория тұрғысынан олардың білім беру процесіне ықпалын кешенді түрде талдау. Сонымен қатар, бұл теориялар ұсынатын әдістемелік тәсілдерді салыстырып, soft skills қалыптастыруда ең тиімді модельдерді анықтау да көзделеді.

Зерттеу қазіргі білім беру жүйесінде жиі талқыланатын мәселелердің бірі – ХХІ ғасыр дағдыларына, оның ішінде soft skills дамытуға қойылатын талаптарға жауап беретін педагогикалық стратегияларды іздеу қажеттілігінен туындайды. Soft skills тек кәсіби білімді толықтырып қана қоймай, тұлғаның жеке дамуы мен әлеуметтік бейімделуінің маңызды факторы ретінде қарастырылады. Осыған байланысты, педагогикалық теориялар негізінде жасалған интеграциялық тәсілдерді талдау ғылыми және практикалық тұрғыдан өзекті болып отыр.

Бұл мақсатқа жету үшін зерттеу бірнеше негізгі кезеңнен тұрады:

Әдебиет көздерін іріктеу: Зерттеу барысында дереккөздерді іріктеу кезеңі маңызды рөл атқарды, себебі сапалы әдебиеттер негізінде теориялық және әдістемелік талдау жасау зерттеудің сенімділігін қамтамасыз етеді. Осы мақсатта соңғы 10 жыл ішінде (2015–2024) жарияланған ғылыми еңбектерге


басымдық берілді. Бұл уақыт аралығы қазіргі білім беру жүйесінде soft skills дамытудың өзекті мәселелері кеңінен қарастырылған кезең болып саналады, сондай-ақ осы жылдары педагогикалық теорияларды интеграциялау, инновациялық әдістерді енгізу бағытында қарқынды зерттеулер жүргізілгені байқалады.

Мақалаларды іздеу және іріктеу үшін беделді халықаралық ғылыми дерекқорлар – Scopus, Web of Science және Google Scholar таңдалды. Бұл дерекқорлардың артықшылығы – оларда рецензияланған, сапалы және жоғары импакт-факторлы журналдарда жарияланған мақалалар қамтылған. Іздеу процесінде зерттеу тақырыбына сәйкес нақты және кеңейтілген кілт сөздер қолданылды. Негізгі кілт сөздер: «soft skills», «конструктивизм», «гуманистік педагогика», «әлеуметтік-когнитивтік теория», «тұлғалық даму», «сыни ойлау», «коммуникация», «ынтымақтастық», «өзін-өзі басқару», «білім беру теориялары».

Салыстырмалы талдау әдісі: Зерттеу барысында салыстырмалы талдау әдісі қолданылып, конструктивизмнің белсенді оқытуға бағытталған принциптері, гуманистік педагогиканың тұлғаға бағдарланған тәсілдері және әлеуметтік-когнитивтік теорияның үлгілеу мен өзара әрекетке сүйенетін механизмдері сараланды. Бұл тәсіл әр теорияның артықшылықтары мен шектеулерін анықтауға және олардың интеграциясы арқылы soft skills дамытуға арналған тиімді педагогикалық модельді ұсынуға мүмкіндік берді.

Жалпы алғанда, бұл зерттеу теориялық және әдістемелік негіздерді кешенді қарастырып, soft skills дамытуға бағытталған заманауи білім беру стратегияларын анықтауға арналған маңызды қадам болып табылады.

Нәтижелер. Әдеби көздерге сүйене отырып, soft skills қалыптастырудың теориялық негіздері салыстырмалы тұрғыда талданады. Икемді дағдыларды дамытуға ықпал ететін жетекші педагогикалық бағыттардың бірі - конструктивистік тәсіл. Конструктивизм теориясы бойынша білім алушы ақпаратты дайын күйінде меңгермейді, керісінше, оны жеке тәжірибесі мен белсенді іс-әрекеті арқылы қалыптастырады. Осы ұстанымға сәйкес, оқыту үдерісі белсенді танымдық әрекетке, ынтымақтастыққа және әлеуметтік ортадағы өзара ықпалдастыққа негізделеді (1-сурет).



Сурет 1– Конструктивистік тәсілдің soft skills дамуына ықпалы

Конструктивизм білім алушыны білімді жай ғана қабылдаушы емес, оны өз әрекеті арқылы қалыптастыратын белсенді субъект ретінде қарастырады. Бұл теорияға сәйкес, жаңа ақпарат бұрынғы тәжірибе мен меңгерілген білім негізінде игеріледі, ал оқу үдерісі белсенді танымдық іс-әрекетке және әлеуметтік өзара ықпалдастыққа сүйенеді.

Конструктивистік негіздегі әдістерге жобалық оқыту, зерттеуге бағытталған оқыту, кейс-талдау және бірлескен (коллоборативті) оқу жатады. Мұндай тәсілдер білім алушылардың проблемаларды шешу қабілетін, топтық өзара әрекетін және шығармашылық әлеуетін дамытуға бағытталады.

Осы тұрғыда ғылыми еңбектерде конструктивистік тәсілдің білім беру сапасына ықпалы мен soft skills қалыптастырудағы рөлі жан-жақты талданып келеді.

Кесте 1 - Конструктивизм мен soft skills дамуына қатысты зерттеулерді салыстырмалы талдау

Зерттеу түрі	Қолданылған әдістер	Нәтиже
Интегративті әдеби шолу	Project-Based Learning, Inquiry-Based Learning, Case Study, Collaborative Learning, Reflective Practice	- Зерттеу нәтижелері бұл әдістер білім алушылардың коммуникация, командалық жұмыс, критикалық ойлау, шығармашылық, өзін-өзі басқару және проблеманы шешу қабілеттерін едәуір дамытатындығын көрсетті.
Педагогикалық модель ұсыну	Конструктивистік және бихевиористік тәсілдер (learning by doing, топтық жұмыс, бақылау)	- Soft skills (коммуникация, топтық жұмыс, жауапкершілік, өзін-өзі басқару) тиімді дамыды (Imron et al., 2024).
Жүйелі шолу	Project-Based Learning, Team-Based Learning, Gamification, Industry Collaboration	Soft skills (коммуникация, проблеманы шешу, сыни ойлау, икемділік, көшбасшылық) IT білімінде маңызды деп табылды (Mohammed and Ozdamli, 2024).

Жүргізілген салыстырмалы талдау нәтижелері (1-кесте) қарастырылған үш еңбектің барлығы soft skills қалыптастыруда конструктивистік қағидаттарға сүйенетін оқыту әдістерінің тиімділігін негіздейтінін көрсетті. Мәселен, интегративті шолу (EduLearn, 2024) жобалық, зерттеуге бағытталған және бірлескен оқыту формаларының коммуникация, топтық өзара әрекет, сыни ойлау және шығармашылық қабілеттерді дамытуға оң ықпал ететінін дәлелдейді.

Жүйелі шолу (Behavioral Sciences, 2024) ақпараттық технологиялар саласындағы білім алушылар арасында PBL, TBL және геймификация элементтерін қолдану проблемаларды шешу, бейімделгіштік және көшбасшылық дағдыларын қалыптастыруда маңызды рөл атқаратынын айқындады. Ал педагогикалық модель ұсынған зерттеуде (Test Engineering & Management, 2020) конструктивистік және бихевиористік тәсілдерді ықпалдастыру жауапкершілік пен өзін-өзі басқару дағдыларын жетілдіруде нәтижелі екені көрсетілген.

Soft skills дамытуға бағытталған тағы бір маңызды педагогикалық бағыт –

гуманистік тұғырнама. Бұл бағытта білім алушы оқу үдерісінің орталығына қойылып, оның жеке ерекшеліктері, қажеттіліктері, сезімдік тәжірибесі мен құндылықтық бағдарлары ескеріледі. Гуманистік көзқарас бойынша, оқыту адамның өзін-өзі тануына, ішкі әлеуетін жүзеге асыруына және дербестігін дамытуға жағдай жасауы тиіс (2-сурет).



Сурет 2 - Гуманистік педагогиканың soft skills дамуына ықпалы

Гуманистік педагогикада білім алушы оқу үдерісінің негізгі субъектісі ретінде қарастырылып, оның даралық қасиеттерін, эмоциялық сұраныстарын және тұлғалық әлеуетін дамытуға басымдық беріледі. Бұл тұғырнама білім алушының өзін-өзі тануына, ішкі уәжін күшейтуге және өзіндік жүзеге асуына қолайлы орта қалыптастыруды көздейді.

Soft skills қалыптастыру контексінде гуманистік бағыт эмпатияны дамытуға, ашық әрі сенімді коммуникация орнатуға және жеке жауапкершілікті нығайтуға ерекше мән береді. Аталған элементтер тұлғалық өсу мен әлеуметтік бейімделудің негізі ретінде қарастырылады.

Осыған байланысты ғылыми еңбектерде гуманистік тәсілдің білім беру сапасына ықпалы және икемді дағдыларды қалыптастырудағы рөлі жан-жақты талданып келеді (2-кесте).

Кесте 2 – Гуманистік педагогика мен soft skills дамуына қатысты зерттеулерді салыстырмалы талдау

Зерттеу түрі	Қолданылған әдістер	Нәтиже
Эмпирикалық зерттеу (практикалық модель ұсыну)	Humanistic Learning Approach, Student-Centered Learning, Dialogic Interaction, Reflection-Based Activities	Soft skills (коммуникация, эмпатия, өзін-өзі басқару, кәсіби этика) дамуы; мұғалімдердің кәсіби өнімділігі артты (Hamidah, 2015).
Эмпирикалық зерттеу (интервенциялық)	Social Cognitive Learning моделі негізіндегі Humanistic Professional Role Modelling; симуляциялық оқыту; бақылау және кері байланыс	Humanistic құндылықтар туралы хабардарлық артты; caring behaviour (қамқорлық әрекеттер) күшейді; өтпелі үрей (transitional anxiety) төмендеді (Wang and Liao, 2023).

Теориялық-талдамалық зерттеу	Компетенттілікке негізделген және гуманистік тәсілдер; студентке бағытталған оқыту; рефлексиялық әдістер	Soft skills (коммуникация, ынтымақтастық, өзін-өзі дамыту, креативтілік) жіктеліп, дамыту стратегиялары ұсынылды (Gilyazova et al., 2021).
------------------------------	--	--

Жоғарыда қарастырылған еңбектер гуманистік бағыттағы педагогикалық әдістердің soft skills қалыптастыруда нәтижелі екенін көрсетеді. Эмпирикалық деректер гуманистік және әлеуметтік-танымдық негіздегі модельдердің коммуникация, эмпатия, өзін-өзі реттеу және эмоционалдық интеллект сияқты дағдылардың дамуына оң ықпал ететінін айқындайды. Бұл тәсілдер білім алушының ішкі мотивациясын күшейтіп, тұлғалық өсуіне қолайлы орта қалыптастыру арқылы икемді дағдылардың жүйелі дамуын қамтамасыз етеді.

Soft skills дамытуға ықпал ететін тағы бір маңызды теориялық бағыт – әлеуметтік-когнитивтік тәсіл. Бұл бағыт Альберт Бандураның әлеуметтік-когнитивтік теориясына негізделеді және мінез-құлық пен дағдыларды қалыптастыру үдерісінде бақылау, үлгі алу, өзара әрекет және тәжірибе арқылы үйренудің рөлін ерекше атап өтеді.

Әлеуметтік-когнитивтік теорияның негізгі қағидасына сәйкес, үйрену тек жеке когнитивтік процестердің нәтижесі емес, сонымен қатар әлеуметтік ортадағы өзара ықпалдастық арқылы жүзеге асады. Яғни адамдар басқалардың әрекетін бақылау, рөлдік модельдерден үлгі алу және оны практикада қолдану арқылы жаңа дағдыларды меңгереді.

Осы тұрғыдан алғанда, коммуникация, топтық жұмыс, көшбасшылық, эмпатия және өзін-өзі басқару сияқты soft skills қалыптастыруда әлеуметтік-когнитивтік тәсіл тиімді деп саналады. Себебі білім алушылар кәсіби жағдаяттарды, рөлдік модельдерді бақылап, алынған тәжірибені нақты әрекет барысында бекіту арқылы икемді дағдыларын дамытады (3-сурет).



Сурет 3 - Әлеуметтік-когнитивтік тәсілдің soft skills дамуына ықпалы

Педагогикалық практикада кең таралған бағыттардың бірі – әлеуметтік-когнитивтік теорияға сүйенетін оқыту тәсілі. Бұл теорияның авторы Альберт Бандура адамның мінез-құлқы мен оқу үдерісін тек ішкі когнитивтік механизмдер арқылы емес, әлеуметтік ортаның ықпалымен де түсіндіреді. Әлеуметтік-когнитивтік тұғырнаманың негізгі ұстанымы – білім алу үдерісі бақылау, үлгі алу (role modelling) және әлеуметтік өзара әрекет негізінде жүзеге асады.

Аталған тәсіл soft skills қалыптастыруда айрықша маңызға ие. Себебі студенттер кәсіби рөлдік модельдерді бақылау, бірлескен әрекетке қатысу және әлеуметтік ортада тәжірибе жинақтау арқылы коммуникация, командалық жұмыс, көшбасшылық және өзін-өзі реттеу сияқты дағдыларын дамытады.

Осыған байланысты ғылыми әдебиеттерде әлеуметтік-когнитивтік тәсілдің білім беру сапасына ықпалы және икемді дағдыларды қалыптастырудағы рөлі жан-жақты қарастырылы, эмпирикалық тұрғыда талданған (3-кесте).

Кесте 3 - Әлеуметтік-когнитивтік тәсіл мен soft skills дамуына қатысты зерттеулерді салыстырмалы талдау

Зерттеу түрі	Қолданылған әдістер	Нәтиже
Эмпирикалық (корреляциялық)	Сауалнама, құрылымдық модельдеу (SEM), PBL талдау	Self-efficacy және PBL soft skills дамуына маңызды әсер етеді (коммуникация, көшбасшылық) (Liu et al., 2020).
Квазиисследование	Inquiry-based learning, рефлексиялық тапсырмалар	Сыни ойлау, проблеманы шешу және топтық жұмыс дағдылары артқан (Almulla et al., 2023).
Теориялық – талдамалық зерттеу	SLT және SCT концепцияларын салыстырмалы талдау	SCT механизмдері (бақылау, өзін-өзі реттеу) soft skills қалыптастыруда маңызды рөл атқарады (Firmansyah and Saepuloh, 2023).

Әлеуметтік-когнитивтік тәсілге арналған зерттеулер оны soft skills қалыптастыруда нәтижелі құрал ретінде сипаттайды. Эмпирикалық деректер Project-Based Learning (PBL) пен өзіндік тиімділік (self-efficacy) деңгейінің артуы коммуникация және көшбасшылық дағдыларының дамуымен өзара байланысты екенін көрсетеді. Квазиэксперименттік жұмыстар inquiry-based learning және рефлексиялық тапсырмалар арқылы сыни ойлау, проблемаларды шешу және топтық өзара әрекет сапасының жақсарғанын айқындаған. Ал теориялық-талдамалық зерттеулерде әлеуметтік оқыту теориясы (SLT) мен әлеуметтік-когнитивтік теория (SCT) аясындағы бақылау және өзін-өзі реттеу механизмдерінің икемді дағдыларды қалыптастырудағы маңызы негізделген.

Әдебиеттерді жүйелі талдау soft skills дамытуда қолданылатын үш негізгі теориялық бағыттың - гуманистік, конструктивистік және әлеуметтік-когнитивтік - өзіндік ерекшеліктері мен артықшылықтарын айқындауға мүмкіндік берді.


Гуманистік бағыт білім алушының тұлғалық дамуына, ішкі уәжіне

және эмоционалдық саулығына басымдық береді. Бұл тәсіл коммуникация, эмоционалдық интеллект, эмпатия және өзін-өзі басқару дағдыларын жетілдіруде тиімділігімен ерекшеленеді.

Конструктивистік тұғырнама білім алушылардың белсенді танымдық әрекетіне негізделіп, білімді тәжірибе арқылы қалыптастыруды көздейді. Ол сыни ойлау, шығармашылық, проблемаларды шешу және топта жұмыс істеу қабілеттерін дамытуға ықпал етеді.

Әлеуметтік-когнитивтік бағыт бақылау, үлгі алу және әлеуметтік өзара ықпалдастық арқылы үйренуді түсіндіреді. Ғылыми деректер бұл тәсілдің көшбасшылық, командалық әрекет, коммуникация және өзін-өзі реттеу сияқты дағдыларды дамытуда маңызды рөл атқаратынын көрсетеді.

Жалпы алғанда, әрбір теориялық бағыт soft skills дамуының әртүрлі аспектілерін қамтиды. Сондықтан заманауи білім беру тәжірибесінде аталған тәсілдерді ықпалдастыра қолдану білім алушылардың кәсіби және тұлғалық құзыреттерін кешенді дамытуға мүмкіндік береді.



Сурет 4 - Soft Skills интеграциялық моделі

4-суретте ұсынылған интеграциялық модель soft skills қалыптасуын жүйелі әрі бірізді қамтамасыз етуге бағытталған. Бұл модель аясында студенттерде сыни ойлау, көшбасшылық, тиімді коммуникация, эмоционалдық интеллект және командалық өзара әрекет дағдылары дамиды. Сонымен қатар модель икемді құрылымға ие болып, жоғары оқу орындары, кәсіби даярлық бағдарламалары және аралас (blended) оқыту форматтарында қолдануға бейімделген.

Талқылау. Конструктивистік негіздегі белсенді әдістер (PBL, жобалық оқыту) студенттердің танымдық белсенділігін күшейтіп, проблемаларды талдау және топта жұмыс істеу қабілеттерін қалыптастырады. Гуманистік

педагогика тұлғаның эмоциялық және әлеуметтік қырларын дамытуға жағдай жасап, өзін-өзі реттеу, эмпатия және рефлексия сияқты икемді дағдылардың жетілуіне ықпал етеді. Ал әлеуметтік-когнитивтік теорияға сүйенетін тәсілдер (peer-learning, рөлдік модельдеу, бақылау арқылы үйрену) коммуникация мен көшбасшылық қабілеттерін нығайтады. Үш теориялық бағытты біріктіретін интеграциялық модель білім беру тәжірибесін жаңғыртуға мүмкіндік беріп, soft skills-ті кешенді әрі мақсатты түрде дамытуға бағдарланған. Мұндай тәсіл кәсіби ортада бәсекеге қабілетті, эмоциялық тұрғыдан орнықты және әлеуметтік жауапты мамандарды даярлауға жағдай жасайды.

Soft skills қалыптастыруда конструктивизм, гуманистік педагогика және әлеуметтік-когнитивтік теория қазіргі білім беру жүйесінде маңызды орын алады. Бұл теориялар әртүрлі қырынан қарастырылғанымен, барлығы да студенттің тұлғалық және кәсіби дамуына қолайлы орта құруды көздейді. Конструктивизмнің мәні – білім алушыны белсенді әрекетке бағыттап, тәжірибелік және зерттеушілік іс-әрекет арқылы білімді өз бетінше құрастыруға негіздеуінде. Проблемалық оқыту (PBL), жобалық жұмыс және шынайы жағдайға негізделген тапсырмалар сыни ойлау, коммуникация, топтық жұмыс және креативтілік сияқты дағдыларды дамытуға ықпал етеді (Putra, 2021; Ragonis et al., 2020). Бұл тәсіл студентті білімді жай қабылдаушы емес, оны құрастырушы және белсенді қатысушы ретінде қарастырады, бұл еңбек нарығы талаптарына сәйкес икемділікті қамтамасыз етеді.

Гуманистік педагогика тұлғаның эмоциялық және әлеуметтік дамуын алдыңғы орынға қояды. Бұл бағытта білім беру үдерісі студенттің өзін-өзі тануына, рефлексия жасауына және жеке мақсаттарына жетуіне жағдай жасауы тиіс (Shaffie et al., 2018). Эмоциялық қолдау мен тұлғаға бағдарланған орта эмоционалдық интеллект, эмпатия және өзін-өзі басқару дағдыларын дамытуда шешуші фактор болып табылады. Әлеуметтік-когнитивтік теория бақылау арқылы үйрену, үлгілеу (modeling) және әлеуметтік өзара әрекетке негізделеді. Осы теория аясында студенттер оқытушылар мен құрдастарының әрекеттерін бақылау арқылы коммуникация, көшбасшылық, келіссөз жүргізу және ынтымақтастық дағдыларын меңгереді. Сонымен қатар өзіндік тиімділік (self-efficacy) пен өзін-өзі реттеу (self-regulation) soft skills дамуының маңызды алғышарттары ретінде қарастырылады.

Жалпы алғанда, конструктивизм когнитивтік және проблеманы шешу дағдыларын дамытуда, гуманистік педагогика эмоциялық және тұлғалық қырды қалыптастыруда, ал әлеуметтік-когнитивтік теория әлеуметтік және көшбасшылық қабілеттерді жетілдіруде тиімді. Бұл теориялардың ықпалдасуы soft skills дамуын кешенді қамтамасыз ететін тұтас әдіснамалық негіз қалыптастырады.

Қорытынды. Зерттеу нәтижелері ХХІ ғасыр білім беру кеңістігінде soft skills дамытудың маңыздылығын айқындап, оларды қалыптастыруға бағытталған педагогикалық тәсілдерді кешенді талдауға мүмкіндік берді. Қазіргі еңбек нарығы кәсіби біліммен қатар коммуникация, сыни ойлау,

креативтілік, командалық жұмыс және эмоционалдық интеллект сияқты әмбебап құзыреттерді талап етеді. Сондықтан soft skills дамуын жүйелі түрде қамтамасыз ететін теориялық әрі әдістемелік негіздердің болуы аса өзекті.

Талдау барысында конструктивизм, гуманистік педагогика және әлеуметтік-когнитивтік теория soft skills қалыптастырудың негізгі теориялық платформалары ретінде қарастырылды. Конструктивизм белсенді оқыту арқылы когнитивтік және коммуникативтік қабілеттерді дамытуда тиімді екенін көрсетті. Гуманистік бағыт эмоционалдық интеллект пен өзін-өзі басқаруды қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Әлеуметтік-когнитивтік теория бақылау, рөлдік модельдеу және peer-learning арқылы көшбасшылық пен ынтымақтастық дағдыларын нығайтады.

Әдеби шолу мен салыстырмалы талдау нәтижелері бұл үш бағыттың soft skills дамуының әртүрлі аспектілерін қамтитынын дәлелдеді. Оларды интеграциялау студенттердің жан-жақты дамуын қамтамасыз ететін кешенді педагогикалық модель қалыптастыруға мүмкіндік береді. Ұсынылған интеграциялық модель белсенді оқыту әдістерін, тұлғалық бағдарланған тәсілдерді және әлеуметтік өзара әрекетке негізделген стратегияларды үйлестіре отырып, заманауи білім беру талаптарына жауап береді.

Қорытындылай келе, soft skills табысты дамыту білім беру мазмұнын жаңарту, әдістемелік амалдарды жетілдіру және теориялық тұғырнамаларды ықпалдастыру арқылы жүзеге асады. Бұл студенттердің кәсіби даярлығын нығайтып қана қоймай, олардың өмірлік бейімделгіштігін арттырып, болашақта табысты әрі әлеуметтік жауапты тұлға болып қалыптасуына ықпал етеді.

References

Almulla M., Alqadiri M., & Alrashidi A. (2023) The impact of inquiry-based learning on students' critical thinking and collaborative skills in higher education. *Sustainability*. — Vol. 15(5). — P. 3978. <https://doi.org/10.3390/su15053978> (In English)

Caggiano V., Schleutker K., Petrone L., & González-Bernal J. (2020) Towards identifying the soft skills needed in curricula: Finnish and Italian students' self-evaluations indicate differences between groups. *Sustainability*. — Vol. 12(10). — P. 4031. <https://doi.org/10.3390/su12104031> (In English)

Cahyani D., Yunita F., & Ubaidillah M. (2022) Application of inquiry collaborative constructivism model in biology learning respiratory system to improve students' critical thinking skills. *Jurnal Pendidikan Sains (JPS)*. — Vol. 10(1). — P. 28. <https://doi.org/10.26714/jps.10.1.2022.28-35> (In English)

Firmansyah M., & Saepuloh D. (2023) Comparative analysis of SLT and SCT in the context of soft skills development. *International Journal of Instruction*. — Vol. 16(4). — P. 25–42. <https://doi.org/10.29333/iji.2023.1642a> (In English)

Gilyazova O.S., Zamoshchansky I.I., & Vaganova O.I. (2021) Defining, classifying and developing soft skills in higher education: Competency-based and humanistic approaches. *Universidad y Sociedad*. — Vol. 13(2). — P. 241–248. (In English)

Gnecco G., Landi S., & Riccaboni M. (2023) The emergence of social soft skill needs in the post covid-19 era. *Quality & Quantity*, — Vol. 58(1). — P. 647-680. <https://doi.org/10.1007/s11135-023-01659-y> (In English)

Hamidah S. (2015) Humanistic soft skills learning for generating professional teacher performance.

In Proceedings of the 3rd UPI International Conference on Technical and Vocational Education and Training. Atlantis Press. — Vol. 14. — P.150–154. <https://doi.org/10.2991/ictvet-14.2015.42> (In English)

Hendriana H., Prahmana R., Ristiana M., Rohaeti E., & Hidayat W. (2022) The theoretical framework on humanist ethno-metaphorical mathematics learning model: an impactful insight in learning mathematics. *Frontiers in Education*. — Vol. 7. — P.1-15. <https://doi.org/10.3389/feduc.2022.1030471> (In English)

Imron Suliswiyadi, & Rifai A.S. (2024) ESD goals and soft skills competencies through constructivist approaches to teaching: An integrative review. *Journal of Education and Learning (EduLearn)*. — Vol. 18(3). — P. 708–718. <https://doi.org/10.11591/edulearn.v18i3.21408> (In English)

Kodali M., Kodali U., Gadicherla S., Smriti K., Singh A., & Khurshid Z. (2024) The role of soft skills in dental education: challenges and importance. *European Journal of Dentistry*. — Vol. 19(03). — P.851-859. <https://doi.org/10.1055/s-0044-1791938> (In English)

Liu H., Wang L., & Liang J. (2020) Self-efficacy and problem-based learning as mediators in the development of soft skills: Evidence from higher education. *Frontiers in Psychology*. — Vol. 11. — P. 1945. <https://doi.org/10.3389/fpsyg.2020.01945> (In English)

Maulana N. (2023). Toward sustainable higher education: integrating soft skill development into business school curriculum in indonesia. *Journal of Law and Sustainable Development*. — Vol. 11(4). — P. 317-325. <https://doi.org/10.55908/sdgs.v11i4.325> (In English)

Mendoza-Urbina F., Gabriel-Tirajaya J., Idrogo-Barboza G., Montañez-Huancaya N., Cheres-Lopez Z., Gabriel-Tirajaya G., ... & Rodríguez-Saavedra M. (2024) Soft skills and emotional intelligence in students of the education program. *International Journal of Religion*. — Vol.5(9). — P. 442-447. <https://doi.org/10.61707/znp9ry55> (In English)

Mohammed F.S., & Ozdamli F. (2024) A systematic literature review of soft skills in information technology education. *Behavioral Sciences*. — Vol. 14(10). — P. 894. <https://doi.org/10.3390/bs14100894> (In English)

Putra R. (2021) Soft Skill Development in Vocational Schools to Produce Competent Graduates Needed by the Business/Industry World. *Budapest International Research in Exact Sciences (BirEx) Journal*. — Vol. 3(1). — P. 77–81. <https://doi.org/10.33258/birex.v3i1.1520> (In English)

Ragonis N., Hazzan O., & Har-Shai G. (2020) Students' Awareness and Embrace of Soft Skills by Learning and Practicing Teamwork. *Journal of Information Technology Education: Innovations in Practice*, — Vol. 19, — P. 185–201. <https://doi.org/10.28945/4650> (In English)

Rodríguez M., Manso-Vázquez M., Mikic-Fonte F., Nistal M., Iglesias M., Tsalapatas H., ... & Sørensen L. (2021) Teaching soft skills in engineering education: a European perspective. *IEEE Access*. — Vol. 9. — P. 29222-29242. <https://doi.org/10.1109/access.2021.3059516> (In English)

Shaffie F., Md-Ali R., & Yusof F.M. (2018) Towards soft skills framework for Social Work educators. *Journal of Social Sciences Research*. — Vol. 6. — P. 1091–1096. <https://doi.org/10.32861/jssr.spi6.1091.1096> (In English)

Wang Y.H., & Liao H.C. (2023) The use of social cognitive learning for humanistic professional role modelling: Impacts on awareness of humanistic professionalism, caring behaviour, and transitional anxiety. *Annals of Medicine*. — Vol. 55(1). — P. 1194–1208. <https://doi.org/10.1080/07853890.2023.2189747> (In English)

Yelnykova H., Ryabova Z., Lyubchenko N., & Suprun V. (2023) Formation of soft skills of professionals in the context of open education. — Vol. 2889 (1). — P. 1-7. <https://doi.org/10.1063/5.0173724> (In English)

Publication Ethics and Publication Malpractice in the journals of the Central Asian Academic Research Center LLP

For information on Ethics in publishing and Ethical guidelines for journal publication see <http://www.elsevier.com/publishingethics> and <http://www.elsevier.com/journal-authors/ethics>.

Submission of an article to the journals of the Central Asian Academic Research Center LLP implies that the described work has not been published previously (except in the form of an abstract or as part of a published lecture or academic thesis or as an electronic preprint, see <http://www.elsevier.com/postingpolicy>), that it is not under consideration for publication elsewhere, that its publication is approved by all authors and tacitly or explicitly by the responsible authorities where the work was carried out, and that, if accepted, it will not be published elsewhere in the same form, in English or in any other language, including electronically without the written consent of the copyright-holder. In particular, translations into English of papers already published in another language are not accepted.

No other forms of scientific misconduct are allowed, such as plagiarism, falsification, fraudulent data, incorrect interpretation of other works, incorrect citations, etc. The Central Asian Academic Research Center LLP follows the Code of Conduct of the Committee on Publication Ethics (COPE), and follows the COPE Flowcharts for Resolving Cases of Suspected Misconduct (http://publicationethics.org/files/u2/New_Code.pdf). To verify originality, your article may be checked by the Cross Check originality detection service <http://www.elsevier.com/editors/plagdetect>.

The authors are obliged to participate in peer review process and be ready to provide corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. All authors of a paper should have significantly contributed to the research.

The reviewers should provide objective judgments and should point out relevant published works which are not yet cited. Reviewed articles should be treated confidentially. The reviewers will be chosen in such a way that there is no conflict of interests with respect to the research, the authors and/ or the research funders.

The editors have complete responsibility and authority to reject or accept a paper, and they will only accept a paper when reasonably certain. They will preserve anonymity of reviewers and promote publication of corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. The acceptance of a paper automatically implies the copyright transfer to the Central Asian Academic Research Center LLP.

The Editorial Board of the Central Asian Academic Research Center LLP will monitor and safeguard publishing ethics.

Правила оформления статьи для публикации в журнале смотреть на сайте:

[www: nauka-nanrk.kz](http://www.nauka-nanrk.kz)

ISSN 2518–1467 (Online),

ISSN 1991–3494 (Print)

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en>

Ответственный редактор **А. Ботанкызы**

Редакторы: **Д.С. Аленов, Т. Апендиев**

Верстка на компьютере: **Г.Д. Жадырановой**

Подписано в печать 27.02.2026.

46,0 п.л. Заказ 1.